

ҮҚ	Қазақ тілі 26.09.2023
<i>Mindeti</i>	Міндеті: Менің сүйікті ойыншықтарым. Ойыншықтарын күтуге баулу, ойыншықты педагогтің сұрауымен алып беруге үйрету. Балаларды жаңа тақырыппен таныстыру. Жаңа сөздерді үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздер: Доп, қуыршақ, текше, асық
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, карточкалар, ойыншықтар
Мотивациялық-қозғаушылық	Қуанамыз күлеміз, Баралемді сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достармен бірге жүреміз.
Ұйымдастыру-шылық-іденушілік	Балалармен олардың сүйікті ойыншықтары туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен сендердің сүйікті ойыншықтарың туралы туралы әңгімелесеміз. Жаңа сөздермен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Қоржынға доп, қуыршақ, мәшине ойыншықтары салынған. Педагог біртіндеп ала отырып, олардың атын атайды. — Мынау – доп. — Мынау қандай ойыншық? — Мынау – доп. — Мынау – қуыршақ. — Мынау қандай ойыншық? — Мынау – қуыршақ. — Мынау – текше. — Мынау қандай ойыншық? — Мынау – текше. — Мынау – асық. — Мынау қандай ойыншық? — Мынау – асық. Жаңа сөздерді қайталау: ойыншық – игрушка, доп – мяч, қуыршақ – кукла. — Қандай ойыншықтарды көріп тұрсыңдар? Сонымен қатар жаңа сөздерді меңгерту барысында « Кім жылдам » ойынын ойнату арқылы топта тұрған ойыншықтар арасынан қуыршақ, доп, текше ойыншықтарын көрсеткізу. Сергіту сәті. Добым, добым, домалақ. Қайда кеттің домалақ? Тепсен болды секіріп, Ұстатпайсың, қашасың. Дыбыстық жаттығу Қ-Қ-Қ – О-ЙЫН-ШЫҚ – ОЙЫНШЫҚ. Қ-Қ-Қ – ҚУ-ЫР-ШАҚ – ҚУЫРШАҚ. Ә-Ә-Ә – МӘ-ШИ-НЕ – МӘШИНЕ.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді : 26.09.2023 ж

Әдіскер:  А.Ж.Жумашева